

**«Қазакмыс» СК» АҚ**

**Директорлар кеңесінің  
шешімімен**


**БЕКІТІЛДІ**

**хаттама № 01**

**2020 жылғы «06» қантар**



## ҚАҒИДА

<p><b>Сапа менеджментінің жүйесі ІБҚ-310-01</b></p> <p><b>«ҚАЗАҚМЫС» СК» АҚ ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТЫНА БИЛІК ЕТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ КОЛДАНУДЫ ШШІ БАҚЫЛАУ</b></p> <p><b>Эзірленді:</b></p> <p><u>Зәң басқармасының бастығы</u></p> <p><b>Келісілді:</b></p> <p><u>Басқарма мүшесі, Басқарма төрагасының заң мәселелері бойынша орынбасары</u></p> <p><u>Басқарма мүшесі, бас бухгалтер</u></p> <p><u>Персоналмен жұмыс басқармасының бастығы</u></p> <p><u>Басқарма төрагасының Әкімшілігі басиысының орынбасары</u></p>	<p><b>1 редакция</b></p> <p><b>Барлық парап саны: 16</b></p> <p> Аманова Г.И.</p> <p> Кулсейтова А.Н.</p> <p> Раитсан М.Р.</p> <p> Елибекова А.</p> <p> Абдиқаримова З.</p>
---	---

**Енгізу күні: 2020 жылғы «06» қантар**

## Алматы қаласы

Осы құжат «Қазакмыс» СК» АҚ меншігі болып табылады. Бұл құжатты Компаниядан тыс тарату басшылықтың сапа жөніндегі екілінің рұқсатыменған жүзеге асмұрылады.

«№ \_\_\_\_\_ жұмыс нұсқасы» мөртабанысыз ғана құжаттың кешірмесі бакыланбағытын болып табылады. Жұмыс нұсқасын алу ушин басшылықтың сапа жөніндегі екіліне хабарласыныз.

**Мазмұны:**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	3
2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....	3
3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР .....	3
4. ТАҢБАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
5. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТАРҒА ЖАТАТЫН АҚПАРАТТАР ТІЗБЕСІ.....	4
6. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТЫ АШУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ.....	5
7. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТИМДІЛІК ҚҰҚЫГЫН ШЕКТЕУ ЖӘНЕ ОНДАЙ АҚПАРАТТЫ ИНСАЙДЕРЛЕРДІң ЗАҢСЫЗ ПАЙДАЛАНУ МУМКІНДІГІНЕ ЖОЛ БЕРМЕУ ҮШІН ИШКІ БАҚЫЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ.....	5
8. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТИМДІЛІГІ БАР ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ТІЗІМІН ЖУРГІЗУ, ОЛАРДЫ ӨЗЕКТІ КҮЙІНДЕ ҮСТАУ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫ ТІЗІМНЕҢ ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ .....	8
9. ТҮЛҒАЛАРДЫ ИНСАЙДЕРЛЕР ТІЗІМІНЕ ЕҢГІЗУ (АЛЫП ТАСТАУ) КЕЗІНДЕ ОЛАРДЫ ХАБАРДАР ЕТУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ .....	9
10. КОМПАНИЯНЫҢ ИНСАЙДЕРЛЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨЗДЕРІНІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРИНЕ ЖӘНЕ ЕҢБЕК МІНДЕТТЕРИНЕ ҚАРАЙ КОМПАНИЯНЫҢ ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТЫНА ҚОЛЖЕТИМДІЛІГІ БАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ КОМПАНИЯҒА АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ .....	10
№ 1 ҚОСЫМША.....	11
№ 2 ҚОСЫМША.....	12
№ 3 ҚОСЫМША.....	13
ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ТІРКЕУ ПАРАФЫ .....	14
МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУЛЕР ЕСЕБІНІҢ ПАРАФЫ .....	15
ТАНЫСТАРЫУ ЖӘНЕ КӨШІРМЕЛЕРДІ ЖӨНЕЛТУ ПАРАФЫ .....	16

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Қазақмыс» СК» АҚ инсайдерлік ақпаратына билік ету және оларды колдануды ішкі бақылау жөніндегі осы қагидалардың (бұдан әрі – Қагидалар) мақсаты «Қазақмыс» СК» АҚ (бұдан әрі – Компания) инсайдерлік ақпаратына билік ету және оларды колдануды бақылау жөніндегі Қазақстан Республикасының талаптарын сактауды қамтамасыз ету болып табылады.
- 1.2. Қагидалар жалпыға тағайындалған ішкі нормативтік құжат болып табылады.
- 1.3. Осы құжатта сипатталған бизнес процестің иесі және құжаттың өзектілігі үшін жауапты – зан болімшесі.
- 1.4. Осы Қагидаларға қосымшалар:
  - 1.4.1. «Қазақмыс» СК» АҚ инсайдерлерінің тізімі (№ 1 қосымша);
  - 1.4.2. Жеке тұлғаны Компанияның инсайдерлерінің тізіміне енгізу (алып тастау) туралы хабарлама (№ 2 қосымша);
  - 1.4.3. Занды тұлғаны Компанияның инсайдерлерінің тізіміне енгізу (адып тастау) туралы хабарлама (№ 3 қосымша).

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

НҚА, ИНК құжаттың болуы туралы талабы	<p>- ия:</p> <p>Қазақстан Республикасы «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 56-1-бабы.</p>
НҚА, ИНК құжаттың мазмұнына талабы	<p>- ия:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңы 1-бабының 10), 35), 36), 104)-тармакшалары, 56-1-бабы;</li> <li>2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 124 қаулысымен бекітілген Эмитенттің қызметіне қатысты болатын және жалпыға бірдей болып табылмайтын ақпаратты ашып көрсету қагидалары және талаптары.</li> </ol> <p>- ия:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексінің 262-бабы;</li> <li>2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодесінің 230-бабы;</li> <li>3) Қазақстан Республикасы «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 102-бабы;</li> <li>4) Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 79-бабы;</li> <li>5) «Қазақмыс» СК» АҚ қызметі туралы ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ашу қагидалары (ПР-310-1).</li> </ol>
Пайдаланылған НҚА, ИНК тізбесі	

## 3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

инсайдер	<ul style="list-style-type: none"> <li>- инсайдерлік ақпаратка қол жеткізе алатын тұлға;</li> </ul>
инсайдерлік ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> <li>- бағалы қағаздар, (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ак бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (берген) эмитент, ол жузеге асыратын қызмет туралы коммерциялық күпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ак үшінші тұлғаларға беймәлім, жария стілінің бағалы қағаздар (туынды</li> </ul>

**багалы қағаздар  
 нарығында айла-  
 шарғы жасау**

**бухгалтерлік есеп  
 және есептеме  
 болімшесі**

**персоналмен  
 жұмыс жөніндегі  
 болімшесі**

**экономика және  
 қаржы болімшесі**

**үәкілетті орган  
 эмитент  
 заң болімшесі**

қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың әмітенттінің қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат;

- каржы нарығы субъектілерінің ұсыныс пен сұраныстың объективті аракатынасы нәтижесінде бағалы қағаздарға және өзге де каржы құралдарына, оның ішінде шетелдік валюталар мен туынды қаржы құралдарына орнықкан бағадан (багамнан) жоғары немесе томен баға (бағам) белгілеуге және (немесе) ұстап тұруға, бағалы қағазбен немесе өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттықтың көрінісін жасауға, инсайдерлік ақпаратты пайдаланып мәміле жасауға бағытталған әрекеттері;
- Компания бас оғисінің заннама талаптарына және ҚЕХС сәйкес Компания активтерінің есебін жүргізетін, нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес есептілікті қалыптастырып, оларды үәкілетті органдарға ұсынуды қамтамасыз ететін құрылымдық болімшесі;
- Компания бас оғисінің тиімді кадр саясатын жүзеге асыратын, Компанияның қажетті кадрлармен жиынтықтайтын, жеке құрамның есебін жүргізетін құрылымдық болімшесі;
- Компания бас оғисінің Компанияның бюджетін қалыптастыратын және оның орындалуын талдайтын, Компаниядағы басқару есептілігін үйымдастыратын және қалыптастыратын құрылымдық болімшесі;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
- әмиссиялық бағалы қағаздарды шыгаруды жүзеге асыратын тұлға;
- Компания бас оғисінің Компанияның қызметіне құқықтық колдау көрсететін құрылымдық болімшесі.

#### **4. ТАҢБАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

**ИНҚ**

– ішкі нормативтік күжат;

**ҚЕД**

– қаржылық есептілік депозитарий;

**ҚЕХС**

– қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары;

**БСӨ**

– басшылықтың сапа жөніндегі өкілі;

**ТҚҚ**

– туынды қаржы құралы;

**БҚН**

– бағалы қағаздар нарығы.

#### **5. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРТАРҒА ЖАТАТЫН АҚПАРATTAR TІЗБЕСІ**

5.1. Компанияның инсайдерлік ақпараттарына мыналар жатады:

- 5.1.1. Компанияның акциялары, олармен мәмілелер, сандай-ак Компанияның акцияларды шыгарушы эмитент ретінде жүзеге асыратын қызметі туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат;
- 5.1.2. үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі Компанияның бағалы қағаздар құнының өзгеруіне және Компанияның эмитент ретіндегі қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат.

5.2. Инсайдерлік ақпаратқа жатпайтындар:

5.2.1. инвестициялық шешімдер кабылдау және (немесе) Компанияның бағалы қағаздарымен (туынды қаржы құралдарымен) операциялар жасау туралы ұсынымдар мен ұсыныстар дайындау мақсатында жүзеге асырылған, Компанияның бағалы қағаздарының (туынды қаржы құралдарының) құнына, Компанияның мүліктік жағдайына қатысты зерттеулерді, болжалдарды және бағамдарды қоса алғанда, жалпының қолы жетімді мәліметтер негізінде дайындалған акпарат;

5.2.2. бұкаратлық акпарат құралдарынан алынған акпарат;

5.2.3. тұлғалардың ауқымды ортасында таратылатын, дереккөзі белгісіз акпарат, сондай-ақ Компанияның ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.

5.3. Инсайдерлік акпарат өзі туындаған сәттен бастап Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның Жарғысына, осы Қағидаларға және басқа ИНҚ-ға сәйкес тұлғалардың шектелмеген ортасына ашылған сәтке дейін инсайдерлік болып табылады.

## **6. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТЫ АШУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ**

6.1. Компания инсайдерлік акпаратты Компанияның корпоративтік веб-сайтында ([www.kmic.kz](http://www.kmic.kz)) және (немесе) КЕД интернет-ресурсында ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) мемлекеттік және орыс тілдерінде:

6.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында;

6.1.2. Жарғыда;

6.1.3. «Қазакмыс» СК» АҚ қызметі туралы акпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсында ашу қағидаларында (ПР-310-1);

6.1.4. Компанияның басқа ИНҚ-да белгіленген тәртіpte және мерзімде орналастыру арқылы ашады.

6.2. Осы Қағидалардың 6.1.-тармағына сәйкес инсайдерлік акпаратты ашудың белгіленген мерзімі болмаған кезде, ол күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде орналастырылады.

## **7. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА КОЛЖЕТИМДІЛІК ҚҰҚЫҒЫН ШЕКТЕУ ЖӘНЕ ОНДАЙ АҚПАРАТТЫ ИНСАЙДЕРЛЕРДІҢ ЗАҢСЫЗ ПАЙДАЛАНУ МУМКІНДІГІНЕ ЖОЛ БЕРМЕУ ҮШІН ШШІ БАҚЫЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

7.1. Компанияның инсайдерлері:

7.1.1. Директорлар кенесінің төрағасы және мүшелері;

7.1.2. Баскарма төрағасы және мүшелері;

7.1.3. Активтерді және пассивтерді баскару кенесінің төрағасы және мүшелері;

7.1.4. Андеррайтинг кенесінің төрағасы және мүшелері;

7.1.5. осы тармақтың 7.1.1.-7.1.4.-тармақшаларында көрсетілген органдардың хатшылары;

7.1.6. баскаруши директорлар, бас бухгалтер;

7.1.7. төмөндегілерге жауапты бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері:

1) қаржылық есептілікті жасау және орналастыру, активтерді инвестициялау (бухгалтерлік есеп және есептеме бөлімшесі, экономика және қаржы бөлімшесі);

2) корпоративтік баскару (зан бөлімшесі);

3) ішкі аудит (ішкі аудит қызметі, БСӨ);

- 7.1.8. комплаенс-бақылаушы;
  - 7.1.9. Компанияның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға катысу үлесінің) он немесе одан артық процентіне тікелей немесе жанама иелік ететін, пайдаланатын және (немесе) оларға билік ететін тұлғалар;
  - 7.1.10. аудиторлық үйім, бағалы қағаздар нарығының кәсіби катысушылары және олардың талаптарында инсайдерлік акпаратты ашу қарастырылған, Компаниямен жасасылған шарттарға (оның ішінде, ауызша да) сәйкес Компанияға қызмет көрсетуші баска тұлғалар;
  - 7.1.11. Компания шыгарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) оның тізіміне енгізілген сауда-саттықты үйімдастыруши;
  - 7.1.12. өздеріне берілген функциялар мен өкілеттіктерге қарай Компанияның инсайдерлік акпаратына қолжетімділігі бар уәкілетті органның және оның ведомстволарының қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер;
  - 7.1.13. мүшелері Компания болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік үйімдар және осы тармақтың 7.1.9.-7.1.11.-тармақшаларында көрсетілген, өздеріне берілген өкілеттіктерге қарай инсайдерлік акпаратка қолжетімділігі бар үйімдар;
  - 7.1.14. осы тармақтың 7.1.9. және 7.1.13.-тармақшаларында көрсетілген үйімдардың өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік акпаратка қолжетімділігі бар қызметкерлері;
  - 7.1.15. осы тармақтың 7.1.1.-7.1.14.-тармақшаларында аталған адамдардан инсайдерлік акпаратты алған адамдар.
- 7.2. Компания мынадай іс-шараларды жүргізу арқылы:
- 7.2.1. оның қызметіне катысты болатын және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын акпаратты, егер салдарына байланысты эмитенттің мүліктік және қаржылық жағдайы үшін бұл акпараттың осы эмитент шыгарған (берген) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына әсер етуге ықпалы болса, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және шарттарда Компанияның инсайдерлік акпаратын ашып көрсету;
  - 7.2.2. эмитенттің инсайдерлік акпаратына қолжетімділігі бар, осы баптың 7.1.-тармағының 7.1.1.-7.1.11.-тармақшаларында аталған адамдар тізімін жүргізу және сайма-сай калпында ұстаяу;
  - 7.2.3. осы баптың 7.2.-тармағының 7.2.2.-тармақшасында көрсетілген тізімге енгізілген адамдарға олардың тізімге (тізімнен) енгізілгені (шыгарылғаны) туралы хабарлама жіберу, аталған адамдарға инсайдерлік акпаратка билік ету және оны пайдалану болігінде заннаманың және ішкі бақылау қағидаларының талаптарын хабарлау;
  - 7.2.4. осы баптың 7.2.-тармағының 7.2.2.-тармақшасында көрсетілген тізімге енгізілген адамдардың тізімін уәкілетті органға (оның талап етуі бойынша) табыс ету;
  - 7.2.5. осы Қағидаларда көзделген өзге де іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру арқылы Компания және Компания шыгарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік акпаратка билік еткені және оны пайдаланғаны үшін бақылауды қамтамасыз етуге міндетті.
- 7.3. Компанияның қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін және ондірістік кажеттілік жағдайларында инсайдерлік акпараттарға қолжетімділік алады.
- 7.4. Инсайдерлерге қолжетімділік құқығы олардың шарттық/лауазымдық міндеттерін орындау үшін кажетті инсайдерлік акпараттарға ғана беріледі.

#### 7.5. Инсайдерлердің міндеттері:

- 7.5.1. 7-баптың 7.1.-тармағының 7.1.9.-7.1.11.-тармақшаларында көрсетілген инсайдерлер – занды тұлғалар:
- 1) осы занды тұлғалар оларға катысты инсайдерлер деп танылған, өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;
  - 2) инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу болігінде Қазакстан Республикасы заңнамасының және осы Қағидалардың талаптары туралы өз қызметкерлеріне хабарлауға;
  - 3) осы занды тұлғалар оларға катысты инсайдерлер деп танылған Компанияға өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлері туралы (Компанияның сұранысы бойынша) ақпарат беруге;
  - 4) Компанияның инсайдерлік ақпараттарына қолжетімділігі бар қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың Компанияның инсайдерлік ақпараттарына катысты қупиялылықты сактауын қамтамасыз етуге міндетті.

#### 7.5.2. Инсайдерлердің жалпы міндеттері:

- 1) инсайдерлік ақпаратты коргау және оларды зансыз пайдалану және таратуға жол бермеуге катысты өздеріне тәуелді барлық шараларды қабылдау;
- 2) инсайдерлік ақпараттан тұратын құжаттар мен ақпаратты үшінші тұлғалар жеткізген (тапсырған) кезде, сондай-ақ оларды үшінші тұлғалардан алған кезде, инсайдерлік ақпаратты зансыз пайдаланудан және таратудан коргайтын шараларды сактау;
- 3) Компанияның бағалы қағаздарымен және басқа құржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдаланбау;
- 4) Қазакстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеу немесе оларды үшінші тұлғаларға қолжетімді етпеу;
- 5) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпараттарға негізделген Компанияның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар мен ұсыныстар бермеу;
- 6) БҚ нарығында қалыптастқан ахуалға, сондай-ақ Компанияның бағалы қағаздарының болашақ бағасына ықпал ету мақсатында, Компания туралы дәйексіз мәліметтер таратпау;
- 7) БҚ нарығында айлы-шарғы жасау мақсатында Компанияның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасамау;
- 8) өзінің мүддесі және (немесе) үшінші тұлғалардың мүддесі үшін Компанияның инсайдерлік ақпаратын пайдаланып, Компанияның бағалы қағаздарымен және басқа қаржы құралдарымен мәмілелер жасамау;
- 9) инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу не инсайдерлік ақпараттан тұратын құжаттарды (акпарат таратушыларды) жоғалту фактісі белгіленген кезде немесе кайіп туындағанда, дереу Компанияға хабарлау.

7.6. Компанияның қызметкерлері болып табылмайтын инсайдерлерді осы Қағидалармен таныстыру осы Қағидаларды Компанияның корпоративтік веб-сайтына орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Қағидалардың қағаз таратушыдағы көшірмесі Компанияның инсайдерлеріне олардың жазбаша сұранысы бойынша беріледі.

7.7. Компанияның және оның лауазымдық тұлғаларының, сондай-ақ қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Қағидалардың таланттарын сактауды бақылау жасайтын құрылымдық бөлімшесе – заң бөлімшесі.

**8. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ БАР ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТІЗІМІН ЖУРГІЗУ, ОЛАРДЫ ӨЗЕКТІ КҮЙІНДЕ ҮСТАУ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫ ТІЗІМНЕҢ ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ**

8.1. Компания инсайдерлер тізіміне осы Қағидалардың 7.1.-тармағының 7.1.1.-7.1.11.-тармақшаларында көзделген тұлғаларды ғана енгізеді.

8.2. Инсайдерлер тізімін заң бөлімшесі мына деректердің негізінде жасайды:

8.2.1. осы Қағидалар 7.1.-тармағының 7.1.1.-7.1.5., 7.1.7. (2-тармақша), 7.1.9., 7.1.11.-тармақшалары бойынша – менишкіті ақпараттары негізінде;

8.2.2. осы Қағидалар 7.1.-тармағының 7.1.6., 7.1.7. (3-тармақша), 7.1.8-тармақшалары бойынша – персоналмен жұмыс бөлімшесінің деректері негізінде;

8.2.3. осы Қағидалар 7.1.-тармағының 7.1.7. (1-тармақша))-тармақшасы бойынша – аталған бөлімшелер басшыларының инсайдерлік ақпаратқа нақты қолжетімділігі бар қызметкерлер бойынша ғана берілген деректері негізінде;

8.2.4. осы Қағидалар 7.1.-тармағының 7.1.10.-тармақшасы бойынша – осы Қағидалар 7.1.-тармағының 7.1.10.-тармақшасында көрсетілген тұлғалармен тиісті шарт жасасқан жауапты бөлімшелер басшыларының деректері негізінде.

8.3. Осы Қағидалар 7.1.-тармағының 7.1.6.-7.1.8., 7.1.10.-тармақшаларында көрсетілген тұлғалар бойынша заң бөлімшесіне:

8.3.1. аталған тұлғаларды инсайдерлер тізіміне енгізу үшін ұсынылған хабарламалар:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты (болған кезде – әкесінің аты) және туған күні не занды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, занды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден (кайта тіркеуден) өткендігін растайтын құжаттың деректемелері (ондай құжаттың номірі және күні);

- 2) инсайдерлер тізіміне енгізу негіздемелері;

- 3) инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздеменің пайда болу күні;

- 4) хабарламаларды жөнелту үшін пошталық (нақты) мекенжайы және электронды поштасының нақты мекенжайы туралы ақпараттан тұруы тиіс;

8.3.2. жоғарыда аталған тұлғаларды инсайдерлер тізімінен алып тастау үшін:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты (болған кезде – әкесінің аты) және туған күні не занды тұлғаның атауы;

- 2) инсайдерлер тізімінен алып тастау негіздемелері;

- 3) инсайдерлер тізімінен алып тастау үшін негіздеменің пайда болу күні туралы ақпараттан тұруы тиіс;

8.3.3. инсайдерлер тізіміне енгізілген жоғарыда аталған тұлғалар туралы ақпараттарды өзгерту үшін:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты (болған кезде – әкесінің аты) және туған күні не занды тұлғаның атауы;

- 2) өзертілуі тиіс ақпаратқа сілтеме туралы ақпараттан тұруы тиіс.

8.4. Заң бөлімшесі осы Қағидаларға № 1 қосымшадағы нысан бойынша, уәкілетті орган бекіткен таланттарға сәйкес инсайдерлердің тізімін жасайды.

8.5. Осы Қағидалардың 8.2.-тармагында көзделген бөлімшелердің басшылары ұсынылған ақпараттардың толықтығы және шынайылығы үшін, сондай-ақ оларды ұсыну мерзімдерін сактау және оларды өзекті қалпында ұстау (оның ішінде, инсайдерлердің деректемелерінің өзектілігі бөлігіндегі) үшін дербес жауап береді.

8.6. Осы Қағидалардың 7.1.-тармагының 7.1.6.-7.1.8.-тармақшаларында көзделген тұлғалар бойынша ақпаратты заң болімшесіне осы Қағидалардың 8.2.-тармагында көзделген тұлғалар тапсырады (не бұрын ұсынылған ақпараттардың өзектілігін растайды):

8.6.1. тоқсан сайын – есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың бірінші күнінен кешіктірмей;

8.6.2. инсайдерлер тізімі өзгерген кезде – өзгеріс үшін негіздеме туындаған күні.

8.7. Алынған ақпараттың негізінде заң болімшесінің жауапты қызметкери:

8.7.1. Компанияның инсайдерлер тізімін өзекті етеді;

8.7.2. уәкілдегі органға оның талабы бойынша инсайдерлердің тізімін ұсынуды камтамасыз етеді.

## 9. ТҰЛҒАЛАРДЫ ИНСАЙДЕРЛЕР ТІЗІМІНЕ ЕҢГІЗУ (АЛЫП ТАСТАУ) КЕЗІНДЕ ОЛАРДЫ ХАБАРДАР ЕТУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

9.1. Компания осы Қағидалардың 7.1.-тармагының 7.1.1.-7.1.11.-тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды мына тәртіpte, осы Қағидаларға № 2 және 3 қосымшалардағы нысан бойынша оларды инсайдерлер тізіміне еңгізу (инсайдерлер тізімінен алыш тастау) туралы жазбаша хабардар етеді.

9.2. Хабарламалар ондай тұлғаларды инсайдерлер тізіміне енгізген (инсайдерлер тізімінен алыш тастаған) күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей жөнелтіледі.

9.3. Инсайдерлер тізіміне (тізімінен) енгізілген (алынғын тасталған) тұлғаларға хабарламалар Компанияның қалауы бойынша:

9.3.1. пошта арқылы олардың пошталық мекенжайына (хабарламасы бар хатпен) қағаз таратушыда;

9.3.2. электронды түрде электрондық пошта арқылы олардың электронды мекенжайына жөнелтіледі;

9.3.3. қолма-қол, оның ішінде Компанияның кеңесі арқылы тапсырылады.

9.4. Осы Қағидалардың 7.1.-тармагының 7.1.1.-7.1.11.-тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды заң болімшесі Қағидалардың 8.2.-тармагында көрсетілген тұлғалардан оларды енгізу (сайлау, тағайындау, шарт жасасу және т.б.) үшін негіздеме пайда болған немесе қажетті ақпаратты өзі алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей косады және Қағидалардың 8.2.-тармагында көрсетілген тұлғалардан оларды алыш тастау (өкілеттікten тоқтатылуы, шарттың тоқтатылуы және т.б.) үшін негіздеме пайда болған немесе қажетті ақпаратты өзі алған күннен бастап, егер Компания мен ондай тұлғалар арасында құпиялыштықты сактау туралы келісім жасалмайтын болса, 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей алышын тасталады. Бұл ретте, мұндай келісім болған жағдайда, 7.1.-тармагының 7.1.1.-7.1.11.-тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды заң болімшесі Қағидалардың 8.2.-тармагында көрсетілген тұлғалардан құпиялыштық туралы келісімде көрсетілген, Компанияның инсайдерлік ақпаратына қатысты құпиялыштықты сактау міндеттін мерзімінде тұрған хабарлама алған күннен немесе өзі қажетті ақпаратты алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде алыш тастайды. Аталған ақпаратты жауапты болімшелер (осы Қағидалардың 8.3.-тармагына сәйкес) заң болімшесінің назарына жеткізеді.

**10. КОМПАНИЯНЫҢ ИНСАЙДЕРЛЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЗАНДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨЗДЕРІНІЦ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРИНЕ ЖӘНЕ ЕҢБЕК МІНДЕТТЕРИНЕ ҚАРАЙ КОМПАНИЯНЫҢ ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТЫНА ҚОЛЖЕТИМДІЛІГІ БАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ КОМПАНИЯГА АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ**

- 10.1. Компанияның инсайдерлері болып табылатын занды тұлғалар өздерінің қызметтік жағдайна және еңбек міндеттеріне қарай Компанияның инсайдерлік ақпараттарына колы жетімді өзінің қызметкерлері туралы Компанияға, тиісті жазбаша сұраныс алған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде ақпарат беруге міндетті.
- 10.2. Компанияның инсайдерлері болып табылатын занды тұлғалар Қазақстан Республикасының Компанияның инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салуға қатысты болігінің және осы Қағидалардың талаптарын сактау үшін дербес жауап береді, оның ішінде:
- 10.2.1. өзінің қызметкерлерін (лауазымды тұлғаларды қоса алғанда) Компанияның инсайдерлік ақпараттарына қызметкерлерге (лауазымды тұлғаларды қоса алғанда) қолжетімділік беру және/немесе қолжетімділікті токтату (кушін жою) туралы уақтылы ақпарат беру үшін;
- 10.2.2. өзінің қызметтік жағдайна және еңбек міндеттеріне қарай Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлері туралы Компанияға (Компанияның сұранысы) бойынша уақтылы ақпарат беру үшін жауапты.

«КазАКМЫС» СК» АҚ штадерлериң тізімі

№ 2 қосымша

**Жеке тұлғаны «Қазақмыс» СК» АҚ  
 инсайдерлерінің тізіміне енгізу  
 (инсайдерлер тізімінен алып тастау) туралы  
 ХАБАРЛАМА**

I. «Қазақмыс» СК» АҚ туралы мәліметтер	
1.1	Атауы
1.2	Хабарламаларға арналған мекенжай
1.3	Телефон нөмірі
1.4	Электрондық поштаның мекенжайы

II. «Қазақмыс» СК» АҚ инсайдерлерінің тізіміне енгізілген («Қазақмыс» СК» АҚ инсайдерлерінің тізімінен алынып тасталған) тұлға туралы мәліметтер	
2.1	Инсайдердің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)

III. Хабарламаны жөнелту негіздемесі туралы мәліметтер	
3.1	Хабарламаны жөнелтудің негіздемесі («инсайдерлердің тізіміне сингізілу» немесе «инсайдерлердің тізімінен алып тастау» деп көрсетіледі)
3.2	Инсайдерлердің тізіміне енгізу (инсайдерлердің тізімінен алып тастау) күні
3.3	Тұлғаны инсайдерлердің тізіміне енгізу (инсайдерлердің тізімінен алып тастау) негіздемесі

Назарыңызды аударамыз:

- 1) осы хабарламаны алған сәттен бастап Сізге, «Қазақмыс» СК» АҚ инсайдеріне қатысты Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заны 56-1-бабының 4-тармағында қарастырылған шектеулер және «Қазақмыс» СК» АҚ ресми сайтында [www.kmic.kz](http://www.kmic.kz) мекенжайы бойынша орналасқан, «Қазақмыс» СК» АҚ инсайдерлік ақпараттына билік ету және оларды қолдануды ішкі бакылау қағидаларында қарастырылған міндеттер енгізіледі;
- 2) Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексінің 262-бабында және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 230-бабында инсайдерлік ақпаратты зансыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік белгіленген;
- 3) «Қазақмыс» СК» АҚ инсайдерлік ақпараттына билік ету және оларды қолдануды ішкі бакылау қағидаларын бұзу Қазақстан Республикасының еңбек заннамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке (тек «Қазақмыс» СК» АҚ инсайдерлері қызметкерлері үшін гана) әкеп соктырады.

Осы хабарламаның көшірмесіне қол қойып оны «Қазақмыс» СК» АҚ-ка осы хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей кайтаруыңызды сұраймыз.

**«Қазақмыс» СК» АҚ тарапынан:**

(лауазымның атауы)	(колы, күні)	(аты-жонінің бірінші әріппері, тегі)
<b>Инсайдер тарапынан:</b> (аты-жонінің бірінші әріппері, тегі)	(колы)	(күні)

№ 3 қосымша

**Заңды тұлғаны «Қазакмыс» СК» АҚ  
инсайдерлерінің тізіміне енгізу  
(инсайдерлер тізімінен алғын тастау) туралы  
ХАБАРЛАМА**

I. «Қазакмыс» СК» АҚ туралы мәліметтер	
1.1	Атауы
1.2	Хабарламаларға арналған мекенжай
1.3	Телефон номірі
1.4	Электрондық поштаниң мекенжайы

II. «Қазакмыс» СК» АҚ инсайдерлерінің тізіміне енгізілген («Қазакмыс» СК» АҚ инсайдерлерінің тізімінен алғын тасталған) тұлға туралы мәліметтер	
2.1	Инсайдердің атауы

III. Хабарламаны жөнелту негіздемесі туралы мәліметтер	
3.1	Хабарламаны жөнелтудің негіздемесі («инсайдерлердің тізіміне енгізілу» немесе «инсайдерлердің тізімінен алғын тастау» деп көрсетіледі)
3.2	Инсайдерлердің тізіміне енгізу (инсайдерлердің тізімінен алғын тастау) күні
3.3	Тұлғаны инсайдерлердің тізіміне енгізу (инсайдерлердің тізімінен алғын тастау) негіздемесі

Назарыныңды аударамыз:

- 1) осы хабарламаны алған сәттен бастап \_\_\_\_\_, «Қазакмыс» СК» АҚ инсайдеріне қатысты Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заны 56-1-бабының 4-тармағында қарастырылған шектеулер және «Қазакмыс» СК» АҚ ресми сайтында [www.kmic.kz](http://www.kmic.kz) мекенжайы бойынша орналасқан, «Қазакмыс» СК» АҚ инсайдерлік ақпараттына билік ету және оларды колдануды ішкі бақылау қагидаларында қарастырылған міндеттер енгізіледі;
- 2) Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексінің 262-бабында және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 230-бабында инсайдерлік ақпаратты зансыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік белгіленген;
- 3) «Қазакмыс» СК» АҚ инсайдерлік ақпараттына билік ету және оларды колдануды ішкі бақылау қагидаларын бұзы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке (тек «Қазакмыс» СК» АҚ инсайдерлері қызметкерлері үшін гана) экеп соктырады.

Осы хабарламаның көшірмесіне қол койып оны «Қазакмыс» СК» АҚ-ка осы хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей қайтаруыныңды сұраймыз.

**«Қазакмыс» СК» АҚ таратынан:**

(лауазымның атауы)	(колы, күні)	(аты-жонінің бірінші әріппері, тегі)
<b>Инсайдер таратынан:</b>		
(лауазымның атауы)	(колы, күні)	(аты-жонінің бірінші әріппері, тегі)
(лауазымның атауы)	(колы, күні)	(аты-жонінің бірінші әріппері, тегі)

Озгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу парагы

ИНК күші жойылды деп танылды, шешім

« » 20 ж., хаттама №

БСӨКОЛЫ

*тегі, басқы әріптері*

kyūjū

## **Мерзімді тексерулер есебінің парагы**

## **Таныстыру және көшірмелерді жонелту парагы**